

***ОҚО білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы  
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-  
интернаты» КММ***

***2017-2018 оқу жылындағы психологиялық  
қызметтің атқарған жылдық  
жұмысы туралы мәлімет***

***Атбұлақ 2018 жыл***

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**2. Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық - педагогикалық құзіреттілігін көтеру.

**3. Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық - профилактикалық, түзету - дамытушылық және әлеуметтік - диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады:**

Психологиялық қызметтің мақсаттарымен міндеттерін орындау оны жүзеге асыру төмендегі бағыттар арқылы жүргізіледі:

- Психодиагностикалық бағыт;
- Консультациялық бағыт;
- Ағартушылық-профилактикалық бағыт;
- Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт;
- Түзету-дамытушылық бағыт;


ОҚО білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-сі кешенінде оқыту үйрету үрдісінде баланың психологиялық қызметіне тұлғалық өсуін қадағалау, олардың дұрыс білім алып бейімделуін қалыптастыру іс шаралары қолға алынған. Осы мәселелердің қиындық тудырмауының алдын-алу үшін оқуға жаңа келген балаларды мектеп заңдылықтарымен талаптарына дұрыс бейімдеу үшін мектеп-интернат педагог - психологы төмендегі іс – шараларды атқарады.

**Психологиялық қызметтің психодиагностика бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:**

Аталған бағыт бойынша қыркүйек айында оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталып, тізімдері түзілді. 7 сыныпқа қабылданған оқушылармен психологиялық профилактикалық жұмыстар жүргізілді. 7 сынып оқушыларының тізімі анықталғаннан кейін оларға жеке психологиялық карта ашылды және сол картаға оқушының барлық мәліметтері енгізілді. Ең негізгісі оқушылардың психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық, материалдық құндылықтарын ескеру мақсатында денсаулығымен медициналық есепте тұратын және әке немесе шешесінен айрылған жартылай, тұл жетімдерді анықтап тізімі жасалынды.

**Оқушылардың әлеуметтік – отбасылық жағдайы туралы мәлімет**


	Көп балалы	Жартылай жетім	Сәтсіз отбасы	Жалғыз ілікті ана	Оралман	Д есепте тұратын
2017-2018	128	12	17	1		



Жыл басында қабылданған 7-сынып оқушыларының мектептегі адаптациясын анықтау мақсатында бірнеше түсіндірме жұмыстары мен бақылау жүргізілді. 7<sup>А,Б,В</sup> сынып оқушыларының мектепке қызығушылығын, қатынасын, психологиялық дайындығын анықтау мақсатында алынған сауалнаманың нәтижесі:

### Оқушылардың мектепке қызығушылығын анықтау тесті


	Мектепке көзқарасы дұрыс	Оқушы ретінде мектепке қатынасы қалыптасқан	Оқу белсенділігі өте жоғары оқушы
2017-2018	39,3%	43,2%	28,5%



7<sup>А,Б,В</sup> сынып оқушыларының ата-аналарымен балаларының бейімделу деңгейінің ата-ана тарапынан бағалануын, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Сіз және балаңыз бір - біріңізді түсіне аласыздар ма?» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде:


### «Сіз және балаңыз бір - біріңізді түсіне аласыздар ма?» сауалнамасы

	Қатысқан ата-аналар саны	Ең үлкен құндылық - бала	Бірінші мәселе балаға деген қамқорлық	Бірінші тәртіп, сосын бала	Бала мен тәртіп маңызды
2017-2018	62	38,1%	47,2%	9,7%	5%



Мектеп оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің мониторингі:

	Оқушылар саны	Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик	Санг-флегм.	Холер-сангв.	Санг-мелан
2017-2018	310	32	139	98	11	27	1	2



Мектептегі педқызметкерлердің бойындағы табиғи мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау мақсатында Г.Айзенктің темперамент типін анықтау тесті жүргізілді. Нәтижесінде:


	Педқызметкерлер саны	Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик	Санг-флегм	Санг-холерик
2017-2018	47	3	18	15	-	10	1



Мектеп педқызметкерлерінің 50%-ы экстраверт, 50%-ы интроверттер екендігі анықталды. Осы мақсатта мектеп – интернат тәрбиешілерінің де темперамент типтеріне зерттеу жүргізілді. Нәтижесі:

Мектеп – интернат тәрбиешілерінің темперамент мониторингі:

	Тәрбиешілер саны	Холерик	Сангвиник	Флегматик	Санг-флегм.	Санг-мелан.
2017-2018	15	1	7	5	1	1



Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу және


ұйымшылдық деңгейін анықтау мақсатында 7-8 сынып оқушыларына зерттеу жұмысы жүргізілді. «Таңдау матрицасындағы» мағлұматтарды өңдеп болған соң, «Социограмма» жасалынды. Сыныптағы лидер, орташа беделділер, ортадан төмен оқушылар анықталды.  
 $R = \frac{R1}{R2} \times 100\%$

R2

Социометрия әдісінің қорытындысы:

Мектеп оқушыларының дарындылық деңгейлерін анықтау мақсатында орта буын 8-9 сынып оқушыларының танымдық үрдістерінің даму деңгейлері диагностикаланды. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың зейін процесі, ақыл-ой, логикалық ойлауы, өзіндік бағалауы тренинг, тест жұмыстары арқылы анықталды.

сынып оқушыларының танымдық процестерінің даму деңгейлері



2017-2018

2017-2018

7-10 сынып оқушыларының арасында алаңдатушылықты туғызатын оқушыларды анықтау мақсатында Г.Айзенктің «Жеке тұлғаның өзіндік бағасының психикалық жай-күйі» тесті, зерттелінушінің қоршаған ортаға көзқарасын және жеке бас ұстанымын анықтауға «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі, баланың эмоциялық сферасының жағдайын, ашушандығын және оның қарқынын айқындауға Панфилованың «Кактус» әдісі жүргізілді.

7-10 сынып оқушыларының Г.Айзенктің «Жеке тұлғаның өзіндік бағасының психикалық жай-күйі» тесті көрсеткіштері


2017-2018



Бейіналды даярлық және бейіндік оқытумен қамтамасыз ету кезінде оқушыларды психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу жұмыстары бойынша 11а, 11б, 11в сынып оқушыларының бағыттылығы мен тұлғалық типін анықтау мақсатында Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностика сауалнамасы» және Дж.Голландтың тұлға типтерін анықтауға арналған сауалнамасы жүргізілді.

Дж.Голланд сауалнамасының қорытындысы:

Диаграмма:




/2017-2018 ж./

Қорытынды: 11-сынып оқушылары техникалық, жаратылыстану бағытындағы пәндерге қызығушылық танытады. Таңдалған пәндері бойынша өздерінің мамандыққа икемділіктерін көрсетті (диаграммада). Диаграммада оқушылардың конвенциялық және іскер типке икемділіктері байқалды. Бұл типтегі адамдар өздеріне іс - әрекет құрылымында белгілі бір алгоритм бойынша, инструктор бойынша жұмысты қалайды. Олар: бухгалтер, экономист, финансист, товар жайын білетін маман, іс жүргізуші, концеляр қызметкері сияқты мамандықтарды қалайды. Ал, іскер типтегі адамдар өздеріне мақсатты, міндетті қоя біледі. Бұл типтегі адамдар өздеріне: дипломат, репетитор, менеджер, директор секілді мамандықтарға қабілетті болып келеді.

11-сынып оқушыларының Ұлттық бірыңғай тесттің (ҰБТ) олар үшін маңыздылығын, тестке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында өзін-өзі бағалауын анықтау үшін «Мен қай баспалдақтамын?» тақырыбында әдістеме жүргізілді.

Диаграмма:



Психологиялық қызметтің түзету-дамыту бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:


7-8 сынып оқушыларының ұжым ортасындағы ұйымшылдығын арттыру мақсатында «Сіз мені танысыз ба?» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда – оқушылар бірнеше жаттығуларды орындау арқылы өзара қарым-қатынастағы қиындықтан шығу керектігін ұғына алды. Топқа бөлінген оқушылар арнайы сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттарды шешуді үйренді. Орындалған жаттығулар:

1. Әңгіме құрастыру;
2. Допты шеңберден шығару;
3. Импульсті жаттығу;
4. Ең ақылды жануар;
5. Релаксация;
6. Рефлексия.

Оқушылар дамыту сабағына белсене араласып, ойларын анық жеткізе алды.



Ученики 11<sup>В</sup> класса раскрасили мандалы очень яркими цветами. Это значит ученики всегда ходят поднятыми настроениями, и показывает свои эмоции ярко. Некоторые применяли черные, коричневые цвета. Само по себе класс активные, но быстро потеряют интересы, и поэтому оставляют свои дела пол пути. Проведено индивидуальное консультирование. В 7<sup>В</sup> классе ученики очень хорошо показывали свои эмоции. Ученики профантазировали мандалы, и приняли яркие цвета, в основном были красные, желтые, розовые, синие цвета. От этих цветов можно сказать, что учащимся нужно проявлять много внимания и ласки. Надо с классом проводить развивающие упражнения.



7-8 сынып оқушыларының сынып ұжымындағы адаптациясы мен отбасындағы іс-әрекеттерін анықтау мақсатында «Ұжымдық сурет» пен «Отбасы суреті» әдістемесі алынды. Суреттерді өңдей келе 7-сыныптардың арасында ұйымшылдықтың көрінісі жоғары екендігін байқатты. Ал, отбасындағы іс-әрекеттері қалыпты деңгейді көрсетті. Яғни, оқушылар өздерін ата-аналарының арқасында жетілетіндіктерін сезінеді. Әдістемемен қосымша дамыту сабақтары ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, «дос болайық бәріміз!», «Сіз мені танысыз ба?», «Менің сыныбым мықты» деген жаттығуларды орындау кезінде оқушылардың әрбір әрекетіне мән беріледі. Топпен жұмыс жүргізуде лидерлер мен енжар оқушыларды байқап, алдын-алу жұмысы орындалды.

8-сыныптардың салған суреттері тұрақсыздықты байқатты. Осы мақсатта 8-сынып оқушыларымен Арттерапия әдісі қосымша көмекші құрал ретінде қолданылды. Оқушылар ашық түстерді көбірек қолданып, ойларын ашып жеткізе білді.



Дамыту сабақтарынан алынған көріністер:



В русских классах было проведен развлекательные игры и тренинги. По запросу воспитателей с 003 кодом было проведен личный консультация, и по окончанием урока было разданы мандалы. По результатам мандалы среднее звено русских класса очень активные, и креативные.



Сауалнаманы негізге ала отырып, 9-сынып оқушыларымен «Сіздің көңіл-күйіңіз қандай?» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер таратылып, сол бойынша әр оқушы өз ойын ортаға салады.

Орындалған жаттығулар:

1. Сәлемдесу;
2. Дәліз 20 минут;
3. Бұдан да жылдамырақ болады ма?
4. Сиқырлы әріптер;
5. Рефлексия.

ҰБТ-ке оқушылардың дайындығын ретке келтіру мақсатында жекеленген кеңес жұмысы жүргізіліп, мамандыққа икемділік туралы мағлұматтар берілді.

Ортаңғы сынып оқушыларының қарым-қатынастарын ретке келтіру мақсатында «Газару», «Кеден», «Бір уыс кедергі», «Құрметтім саған не тілейін!» атты тренингін жүргізілді. Мұнда оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-біріне тілектерін тілеп өтеді. Қосымша тапсырма ретінде 7-сынып оқушыларымен «Балалық шаққа саяхат» атты тақырыпта коллаж ұйымдастырылды. Оқушыларды топқа бөлу арқылы жұмыстары орындалып, сабақ соңында қорғау болды.



8-9 сыныптың қыз балаларының қатысуымен «Қыз өссе, елдің көркі» атты дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Мұнда қыз балаға қажетті мәліметтер, жеке бас гигиенасы, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынасы, болашақтағы мамандығы туралы кеңестер берілді.

Оқушылардың тәрбиешілерге қойған сұрақтары:

1. «Анасын көріп, қызын ал» деген мақалмен келісуге болады ма?
2. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» мақалының мағынасын түсіндіріңіз?
3. Неліктен әйел баласы еркектен бір саты төменде болады?
4. Отбасында алған тәрбиені неліктен балалар өзгертеді?


Дөңгелек үстел тірек сөздермен қорытындыланып, хаттамасы түзілді. Қыз балалар өздеріне керекті материалды ала отырып, бір-біріне тиімді сұрақтар қойып, оған жауап ала алды.

7-11 сынып оқушыларына арналған дамыту сабақтары мен ынталандыру материалдарымен жұмыстары атқарылды. Мақсаты – сынып оқушыларындағы ұйымшылдық, сыйластық деңгейлерін анықтау. Тренинг барысында орындалған жаттығулар:

1. Алфавит бойынша танысу;

2. Күріш жаттығуы;
3. Аққу ұшты ойыны;
4. Қарауыл;
5. Бос орынды иемдену;
6. Әңгімелеу емес, бейнелеу.

Дамыту сабақтарының көріністері:



ҰБТ-ке қатысушы 11-сынып оқушыларына арналған «Менің жетістігім, менің жеңісім» атты психологиялық тренингі жүргізілді. Мақсаты – сынама тесттің барысындағы жауап

апарқтарын белгілеуде қателік жібермеу, бойдағы қобалжу деңгейін төмендету болып табылады. Орындалған жаттығулар:

1. «Қарауыл»;
2. «10 жылдан кейінгі жүздесу»;
3. Ситуациядан шығу икемділікті анықтау;
4. «Бір уыс кедергі»;
5. «5 құндылық»;
6. «Детектив»;
7. «Алтын білезік».

Жаттығу барысында әрбір баланың іс-әрекетіне үлкен берілді. Сыныпты екі топқа бөлу арқылы, олардың қиындықтан қалай өтетіндіктері, агрессиялығы, шапшаңдағы, өзгелермен қарым-қатынасын анықтау қажет. «10 жылдан кейінгі жүздесу» жаттығуында оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары екені байқалды. «Детектив» атты жаттығуда балалар мамандықтарды жасыру арқылы оны шебер жасыра білді. Қорыта келе, оқушылар алда кездескен қиыншылықты жеңе алатындықтары көрініс берді. Сабақ нәтижесінде А.Орымбаева, Ж.Ергешбай, Ж.Бегалы деген оқушыларды жеке кеңеске шақыру қажет.

Жоспарға сай алдын-алу бағыты бойынша ортаңғы және жоғарғы буынның сынып оқушыларымен ауызша сұхбаттасу мен дөңгелек үстелдері өткізілді. Мәселен, «Мен өмірге құштармын» сұрақ-жауап (сұхбаттасу), «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» атты тақырыпта дөңгелек үстелі. Оқушылардың жауаптарына қарай талдау жасалып, бағыт-бағдар көрсетілді. Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Менің ортамдағы өзіндік орным қандай?
2. Мен жететін жетістік...
3. Жолым болмаған жағдайда, өзімді ситуациядан қалай алып шығамын?
4. Достарымды ренжіткен кезде, өзімді...
5. Таңдау жасарда жолдастарым мен ата-анама үлкен үміт артамын...

Мұнда оқушылар өздерінің даярлап келген сұрақтарына да жауап ала алды. Сұхбаттасу соңында ынталандыру материалдарымен коллаж жасап өтті. Яғни, қазіргі әрекеттерін суреттермен бейнелеп, қорғап өтті.



Ортаңғы буын сынып оқушыларымен «Сәттілік деген не?», 9-10 сыныбының оқушыларымен «Ұстаз бен оқушылар арасындағы қарым-қатынас» атты тақырыбында

дөңгелек үстелі өткізілді. Мұнда оқушылар өмірге көзқарастары, өзара қарым-қатынастары туралы сұрақтар қойылып, берілген жауаптарына талдау жүргізілді. Ұстаз бен оқушы қарым-қатынасы туралы сынып ұжымы суреттер арқылы баяндап, екі топқа бөлініп өз жұмыстарын қорғап өтті. Психологиялық дамыту сабақтары мен жаттығулар орындалып, сергіту сәттері ұйымастырылды.



Сұраныс бойынша атқарылған жұмыстар:

1. Жарты стакан су;
2. Сөйлемнің үтірін қой;
3. Өзін-өзі бағалау;
4. Сыныпқа сенемін т.б.

Атқарылған жұмыстардың нәтижелері өңделіп, қорытындысы сынып жетекші мен тәрбиешілерге таныстырылды.



Жоспардан тыс ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларының мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында «Менің мектепке деген көзқарасым» атты анкетасы жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге таныстырылды. Өңделген нәтиже бойынша жоғарғы буын сынып оқушыларымен тақырып аясында пікір алмасу ұйымдастырылды. Мақсаты – оқушы өзіне берілген тапсырманы тиянақты орындап, кезкелген ситуациядан шыға білуге баулу.

11-сыныптың оқушыларының ҰБТ кезіндегі қобалжуын жою үшін «ҰБТ маған не үшін керек?» тақырыбында пікір алмасу болып, дамыту сабақтары жүргізілді. Орындалған дамыту жаттығулары:

1. «Күтпеген сұрақ»;
2. «Шеңберге әдемі кіру»;
3. «Кім жылдам»;
4. Психогимнастикалық жаттығулар;
5. «Менің өмірім»;
6. «Неше қол»;
7. «Жанасу арқылы білу»;
8. Рефлексия. т.б.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау әрекетіне ұмтылу, суицидпен аяқтау, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған, мектептің ішкі ахуалын

анықтау сауалнамасының нәтижесі бойынша 7-10 сынып оқушыларымен «Біздің топтың жүрегі» тақырыбында түзету-дамыту сабағы жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін арттыру, сенімділіктері мен эмпатия сезімін, ұйымшылдықты дамыту. Тренингке оқушылар барынша белсене қатысты, топқа деген жылы тілектерін жүрекшелерге жазып топтың үлкен жүрегіне жан бітірді.



9-11 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру аясында еңбек нарығының жай – күйі, оқушылардың жеке тілегі, психологиялық ерекшеліктері мен өңірдегі еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. «Дұрыс таңдалмаған мамандықтың жағымсыз тұстары» тақырыбында әңгімелесу жұмыстары жүргізілді, тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылардың өз мамандықтарына деген қызығушылықтары 4 бағыт бойынша:

*Жеке тұлғалық типі*

*Кәсіби бағыттылығы*

*Профильді таңдау пәні*

*Профильді мамандықтар қатары* анықталып, топтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Социометрия әдісінің қорытындысы бойынша сыныптың ұйымшылдық деңгейін арттыру мақсатында 8а сынып оқушыларымен «Достық қымбат өмірде» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді. Топ бір-біріне әр оқушының бойындағы, мінезіндегі жағымды және жағымсыз тұстарын айта отырып, сол кемшіліктерді жоюға келісті. Тренинг соңында жылы тілектерін білдірді.



9 сынып оқушыларының танымдық процестерін, соның ішінде зейінінің шоғырлануы мен өзіндік бағалауын анықтау үшін «Күн шуақты алаңқай» топтық жұмысы жүргізілді. Оқушыларды жылдамдыққа үйрету, ойланып дұрыс жауап беруге дағдыландыру мақсатында «Зейінің шоғырлануы мықты ма?» жаттығуы және адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру мақсатында «Мен қай баспалдақтамын» жаттығуы жүргізілді. Осы жаттығулар арқылы оқушылардың деңгейлері анықталып, қорытынды жасалып, хаттамасы толтырылды.



7-9 сынып оқушыларының болашақтағы мақсаты, жоспарларымен бөлісіп, пікір алмасу, мамандықтарға деген ынта-ықыласын арттыру, кәсіптік бағдар беру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар беру мақсатында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өздерінің ойларын ашық айтып, бір-бірлерімен пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мамандық таңдауда әр бала жеке өзіндік бейімділігін, қабілетін, қызығушылықтарын ескеру керектігі жөнінде кеңестер беріліп, мамандық таңдауда нақты жоспарлы түрде ұмтылу арқылы мақсатқа жетуге болатыны айтылды.

11а,б сынып оқушыларымен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «Сенімділік кілті» тақырыбында тренинг жүргізілді.



Аутодеструктивті мінез – құлықты оқиғалар мен жасөспірім арасындағы жазатайым оқиғаларды алдын-алуға бағытталған «Өмір қымбатсың маған» тренингі өтті. Сабақтың

мақсаты: Оқушылардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, мінез – құлық, эмоциялық ерік – сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру, өз – өздерін бағалауды адекватты қалыптастыруға көмектесу, сенімділікті, ұйымшылдықты дамыту.



9 сынып оқушыларымен «Дұрыс таңдалмаған мамандықтың жағымсыз тұстары» тақырыбында баяндама оқылып, сыр – сұхбат жүргізілді.



ҰБТ қарсаңында күйзеліс жағдайының алдын алу бағытында 11а,б сынып оқушыларымен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «Сенімділік кілті» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің арман-мақсаттарын, айналысатын сүйікті істерін айта отырып сәлемдесті. Қорқыныш, қобалжу және сенімділік туралы қысқаша лекция оқылды, күйзелістен арылуға арналған жаттығулар кешені оқушылармен бірге жасалынды. «Қорқыныштың суретін сал», «Бірақ...» жаттығулары жасалынды. «Өз жұлдызыңызды табыңыз» релаксациясы жүргізілді. «Шырақ» жаттығуы арқылы бір - бірлеріне жылы лебіздерін, тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі.





Ең алғаш мектепке келген оқушының бейімделу әрекеті орындалатынын ескере келе, ортаңғы 7-сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған «Мен және жанұям» атты тақырыпта ағарту сабағы ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. Оқушылар мен ата-анасының арасындағы қарым-қатынасын нығайта түсу. Сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою болып табылады.

**Күтілетін нәтижесі:** Бала мен ата-анасының арасындағы жылылықты орнату.

Сабақ 5 бөлімді, яғни жаттығулардан құралды.

1. Кіріспе сөз;
2. «Біз біргеміз!» жаттығуы;
3. «Идеалды отбасы» жаттығуы;
4. «Сіз балаңызды білесіз бе?» жаттығуы;
5. «Жалғасын тап» ойыны;
6. Қорытынды.

Сабақтың бастапқы бөлімінде шаттық шеңбері құралып, танысу, сәлемдесу жаттығулары орындалды. Кіші жеткіншектер идеалды отбасын ата-аналарының балаларына деген махаббаты мен жанашырлығын бейнелеп көрсету үшін постер қорғау тапсырылды. Балаларымен қатар ата-аналар да өздерінің ойын ватманға суреттеп баяндап өтті. Ата-аналар да, балалар да махаббат ұғымының үлкен мәні бар екенін көрсете білді.

Кейінгі бөлімде ата – аналарға «Сіз балаңызды білесіз бе?» атты шағын сауалнама таратылып, нәтижесі өңделді. Сауалнама тапсыру кезінде балаларға «Жалғасын тап» деген жаттығуды орындау тапсырылды. Яғни, 4 тірек сөзді пайдаланып, бір шумақ өлең жазу қажет.

Қорытынды бөлімде ата-аналар мен балаларға «Гүл күлтешесіндегі арман», «Алтын білезік» жаттығулары орындалды. Мұнда қатысушылар өздерінің арман-тілектерін қағаз бетіне түсіріп, бір-біріне тілек тілейді. Сабақ соңында ДТЖО З.Петралиеваға сөз беріліп қорытындыланды. Ағарту сабағынан көріністер:





*Ғылыми – әдістемелік бағыт бойынша келесі жұмыстар атқарылды:*

Облыстың әдістемелік кабинеттің оқу-семинарынан алынған мәліметті ӘБ жетекшілеріне таныстыру мақсатында мектебімізде семинар ұйымдастырылды. Семинардың мақсаты ӘБ жетекшілерін бірлестіктің құжаттамасымен, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату талаптарымен, мұғалімнің өз бетімен білімін жетілдіру тақырыбы бойынша атқаратын жұмысын ұйымдастыру жолдарымен таныстыру болды.

**Күтілетін нәтижесі:** ӘБ жетекшілері нормативті құжаттарды толықтырып, жүргізу жолдарымен танысып, жұмыс атақарады.

Семинар барысы 8 бөлімнен құралып, сол бойынша мәліметтер берілді.

- Әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, шаттық шеңбері, сәлемдесу ұйымдастыру.
- Сауалнама жүргізу.
- Мектепте жүргізілетін әдістемелік жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы.
- ӘБ құжаттамасының реттілігі.
- Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату талаптары.
- Мұғалімнің өз бетімен білімін жетілдіру тақырыбы бойынша атқаратын жұмысын ұйымдастыру жолдары.
- Семинар соңында алынатын қайталама сауалнамасы.
- Рефлексия.

Семинарға 5 ӘБ жетекшілері мен мектеп әкімшілігінен 5 қатысты. Семинар басында және соңында мамандардан сауалнама алынды. Мамандар өздеріне қойылған сұрақтарға толығымен жауап беріп, семинардан нақты бағыт бағдар алды. Қайталама сауалнамасын жүргізгенде, мамандар өздері толық мәліметті алғандығын проценттік жүйеде көрсетіп өтті.



Мектеп директоры:

*Ж.Т.Ахмедов* Ж.Т.Ахмедов

Орындаған педагог – психолог А.Х.Ниязбекова